ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 17 маусым № 1013-24-00-2/889 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ергалиева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Абай облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Абай облысының ұлттық және ат спорты түрлері бойынша спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Астана Арайы» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Абай облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Абай облысының ұлттық және ат спорты түрлері бойынша спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Астана Арайы» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Астана Арайы» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Астана Арайы» жеке кәсіпкерден талап қоюшы «Абай облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Абай облысының ұлттық және ат спорты түрлері бойынша спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 68 081(алпы сегіз мың сексен бір) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 17.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.07.2024, судья Ергалиева А. Т., 25.07.2024
1013-24-3-1/866

Жауапкер «Астана Арайы» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Ергалиева**

Құжатқа қол қойылған: Ергалиева А. Т., 17.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.07.2024, судья Ергалиева А. Т., 25.07.2024

1013-24-3-1/866